

ТОО «Нур Мадияр» балабақшасы

«Бекітемін»
ТОО «Нур Мадияр»
балабақшасының меңгерушісі
Аскарова А.А.
2024 жылғы қыркүйек



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің ортаңғы
«Айгөлек» тобының перспективалық жоспары**

Астана, 2024

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «ТОО «Нур Мадияр» балабақшасы»

Топ: ортаңғы «Айгөлек» тобы

Жас ерекшелігі: 3-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру; Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. Жануарлардың қмылдарына еліктеп дене аттығуларын орындату;
	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә,) дыбыстарды анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктелуіне, қарай байланыстыру. Байланыстырып сөйлеу: Суреттерді, заттарды қарастыруда Кітаптарға қызығу/ты ояту Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру.
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Сөздік қор: Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру: балабақша, әдемі, үлкен, таза, күз, ауа райы, көкөністер, жемістер. Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтарды жаттауға баулу. 3 ке дейін санауды үйрету Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді көпше түрде қолдануға үйрету.

		Байланыстырып сөйлеу: Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту.
	Математика негіздері	Сан. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру. Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигура: үшбұрышпен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. Өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.
	Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.
	Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету.
	Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
	Музыка	Музыка тыңдау. түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақ қалалар. бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру;

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене тәрбиесі	Тепе - теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см), арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жыл бойы медицина қызметкерінің басшылығымен балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.
	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (е, о) дыбыстарды анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. Сөздік қор: Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді септелуіне, қарай байланыстыру. Байланыстырып сөйлеу: Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. Кітаптарға қызығушылықты ояту. Оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор: Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты, бөпе, аға, апа, іні, қарындас, дене мүшелерін: бас, көз, құлақ, мұрын, ауыз, қол, аяқ іш сөздерін атағанда, дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу: Балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.
	Математика негіздері	Сан. Заттардың санын ажыратуға үйрету: Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.

		Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигура шаршыны таныстыру. Кеңістікті бағдарлау. Осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: түнде.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Еңбекке баулу Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.
	Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету,
	Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу.
	Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).
	Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану.
	Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балғашық, сылдырмақ, барабан, металлофон және т.б.) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өзбетінше бастау және аяқтау.

Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.
	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (ұ) дыбысын анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. Сөздік қор: Заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді үстінде, астында, тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Шығармаларды тыңдағаннан, алған әсерлерімен бөлісуге үйрету Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, қ, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс атауға баулу Сөздік қор: Қоршаған орта мен тұрмыстық заттардың атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру: гүл, су, құямыз, құстар, жемсалғыш. Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттауға баулу.

		Тілдің грамматикалық құрылымы: Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату. Байланыстырып сөйлеу:Балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.
	Математика негіздері	Сан. Олардың біреуін бөліп көрсету. Шама: Бір затты екінші затпен беттестіру . Геометриялық фигура: Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау: алдында-артында. Уақытты бағдарлау: кешке
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Менің Отаным – Қазақстан. Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.
	Құрастыру	Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.
	Суретсалу	Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрену.
	Мүсіндеу	Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.
	Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.
	Музыка	Музыка тыңдау. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.
	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыссыз (п-б,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қор: Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Балалардың дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге қалыптастыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдауды және түсінуді дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздік қор: Күнделікті өмірде кездесетін Отан, қала, атауларын, қыс, қар, аққала сөздерін дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу: Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтауға машықтандыру.
	Математика негіздері	Сан. Олардың біреуін бөліп көрсету. Шама:

		Бір затты екінші затпен беттестіру . Геометриялық фигура: Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау: алдында-артында. Уақытты бағдарлау: кешке
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Менің Отаным – Қазақстан. Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.
	Құрастыру	Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.
	Суретсалу	Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрену.
	Мүсіндеу	Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.
	Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.
	Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.

Жоспардың құрылу кезеңі:Қаңтар айы 2025жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене тәрбиесі	Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау; Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.
	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дауыссыз (к-к,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді жекеше түрде. Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Балаларды бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:Сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Сөздік қор: Жануарлар әлемі жайлы түсінік бере отырып, төрт түлікті: түйе, жылқы, сиыр, қой, аңдар: аю, қасқыр, түлкі, қоян, деп дұрыс атауға баулу және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Түстерді үйрету: ақ, қара, қызыл, жасыл, сары. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді байланыстырып айтуға дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеу: Балаларды өзара әңгімелесе білуге баулу.
	Математика негіздері	Сан: Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру. Шама:

		Жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру,
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Заттық әлем: Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.
	Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау.
	Сурет салу	Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
	Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
	Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз,
	Музыка	Музыка тыңдау. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.

Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан айы 2025 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене тәрбиесі	Дербес қимыл белсенділігі Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері және т.б.) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар және т. б.) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.
	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дауыссыз (т-д,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді көпше түрде. Байланыстырып сөйлеу: Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулуды жалғастыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор: Күнделікті өмірде көретін заттар: үстел, орындық, кереует, шәйнек, кесе, тәрелке, тоңазытқыш, техникалық заттары атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Заттардың пішінін айта білуге үйрету. Баланың сөздік қорын дамытуда жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді байланыстырып сөйлеуге қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу: Заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.
	Математика негіздері	Сан:Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе

		заттардан алу тәсілдері арқылы. Шама: Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.
	Құрастыру	Өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.
	Сурет салу	Заттық сурет салу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету.
	Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.
	Музыка	Музыка тыңдау. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.

Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз айы 2025 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене тәрбиесі	Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу; Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.
	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Тілдік дамытушы: Ортада сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауды жалғастыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Сөздік қор: Наурыз мерекесі, ұлттық тағамдар: ет, бауырсақ, құрт туралы айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту. Бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету,
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы: Ортада сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауды жалғастыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Сөздік қор: Наурыз мерекесі, ұлттық тағамдар: ет, бауырсақ, құрт туралы айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді

		байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту.
	Математика негіздері	Сан: Тең және тең емес заттар тобын салыстыру, Шама:Ені бойынша кең-тар, бірдей, тең.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.
	Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану,
	Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.
	Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.
	Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.
	Музыка	Музыка тыңдау. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы 2025 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене тәрбиесі	Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), еңнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру (1-1,5 м қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, тұрып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, аяқтардың арасымен, қақпаға домалату. Допты аяқтары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары Жыл бойы медицина қызметкерінің көмегімен балалардың денсаулығын және білікті жағдайларды ескере отырып, табиғи орталар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болуын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене тәрбиелік ойындарына қатысуға қызығушылықты арттыру.
	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дауыссыз (ж-ш,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Байланыстырып сөйлеу: Ересектермен диалог Бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету,
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта : Өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор: Көктем мезгілі және көктемде болатын өзгерістер, еңбек туралы айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді байланыстырып сөйлеуді дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеу: Танымал ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұнын бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу
	Математика негіздері	Сан: Тең және тең емес заттар тобын салыстыру, Шама: Ені бойынша кең-тар, бірдей, тең.

	Қоршаған әлеммен таныстыру	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Өртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.
	Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану,
	Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.
	Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.
	Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.
	Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажырату, оларды атау, қарапайым ырғақпен соғуды үйрету. Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды. Сөздерді дұрыс және анық айту, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді); Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы 2025 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене тәрбиесі	Спорттық жаттығулар: Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде). Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Ата-аналардың қалауларын ескеріп, мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі мен медицина қызметкерлерінің шешімі бойынша арнайы шынықтыру шараларын жүргізу. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. Өткенді қайталау.
	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Байланыстырып сөйлеу: Таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта : Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ойыншықтардың атын қазақша дұрыс атауға үйрету. Сөздік қор: Күнделікті өздері ойнап жүрген ойыншықтың: қуыршақ, қоян, көлік, доп, жаз мезгілі: ыстық, ойнаймыз, жүгіреміз деп дұрыс айтқызу және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сөзді анық айтып, дұрыс сөйлей білуге баулу, сөздік қорларын дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйретуді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу: Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.
	Математика	Сан. «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.

	негіздері	Шама. жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).
	Құрастыру	Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Сурет салу	Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Мүсіндеу	Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы орамал жасау.
	Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажырату, оларды атау, қарапайым ырғақпен соғуды үйрету. Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды. Сөздерді дұрыс және анық айту, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді); Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Өткенді қайталау.